Келісілді
«Балдырған» бөбек-жай
балабақшасының КМҚК
әдіскері Дюсенбаева Л.А.
«31» 08 2022ж

Бекітемін
«Балдырған» бөбек-жай
балабақшасының КМҚК
меңгерушісі Аманбаева Қ.Т.
«31» 08 2022 ж.

Педагог-дефектологтың 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары

Дефектолог: Ыбрайханова Т.Д.

2022-2023 оқу жылы

Мақсаты:

Ерекше қажеттілігі бар тәрбиеленушілерге жалпы білім беру бағдарламасын меңгерту мақсатындағы жұмыстарды жоспарлау, ұйымдастыру және жүргізу. Сонымен қатар негізгі денсаулық бұзылысына байланысты туындайтын қосымша бұзылыстардың алдын алу.

Міндеттері:

1. Тәрбиеленушілердің даму ерекшеліктерін анықтау мақсатында арнайы педагогика саласы мамандарының әдістемелерін пайдалана отырып, жан-жақты тексеру: таным үдерістері мен эмоциялы-еріктік сферасын.
2. Тәрбиеленушілердің жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру.
3. Түзете-дамыту бағдарламасының міндеттерін тәрбиеленушілердің педагогтарымен, инклюзивті білім беру кабинеті мамандарымен және ата-аналарымен біріге отырып жүзеге асыру.
4. Барлық білім беру үдерісінің қатысушыларына әдістемелік көмек көрсете отырып, кеңес беру.
5. Арнайы педагогика бойынша ата-аналардың білімдерін жетілдіру. Оларды түзете-тәрбиелеу үдерісіне белсенді қатыстыру.
6. Өз білімін жетілдіру, семинарларға, түрлі әдістемелік отырыстарға қатыса отырып өзімнің арнайы педагогика саласындағы біліктілігімді арттыру.

Р/с	Жұмыс түрі	Мазмұны	Орындалу уақыты	Ескерту
1.	**Ұйымдастыру**	✓ Жаңа оқу жылына кабинетті дайындау ✓ Жұмыс кестесін құру ✓ Балалардың тізімін жасау ✓ Жылдық перспективалық жоспарларды дайындау ✓ Түзете –дамыту жұмыстарының кестесін дайындау ✓ Тәрбиеленушілердің ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне қатысу журналдарын дайындау ✓ Ата –аналарға сауалнама дайындау «Бала жөніндегі мәлімет» ✓ Тәрбиеленушілерді жан-жақты тексеру карталарын толтыру ✓ Жеке түзете-дамыту жоспарларын дайындау ✓ Тәрбиешілермен өзара байланыс дәптерлерін дайындау	Қыркүйек - қазан	
		✓ Жылдық қорытынды есепті дайындау	Мамыр	
2.	**Диагностикалау**	✓ Тәрбиеленушілердің медициналық және педагогикалық ерте дамуы туралы ақпарат жинақтау	Қыркүйек	
		✓ Педагогикалық –психологиялық бақылау ✓ Өсу динамикасын бақылау, аралық тексеріс	Жыл бойы	
		✓ Психологиялық алдын алу жұмыстары, бөбекжайдағы дамуында бұзылыстары бар балаларды анықтап, ПМПК-ға жолдау	Қаңтар	
		✓ Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті техкарталарын жазу	Жыл бойы	

3.	**Ақпараттық-аналитикалық**	✓ Топтағы тәрбиеленушілердің диагноздары туралы толық ақпарат жинақтау ✓ Ата –аналарға арналған сауалнамалар «Тәрбиеленушінің ата-анасымен әңгіме жүргізудің хаттамасы»	Жыл бойы	
4.	**Әдістемелік**	✓ Әдістемелік кеңестерге қатысу ✓ Педкеңестер мен семинарларға қатысу ✓ Арнайы педагогикадағы жаңалықтарды біліп отыру ✓ Кабинетті әдістемелік және дидактикалық материалдармен толықтыру ✓ Әртүрлі деңгейдегі сайыстарға қатысу	Жыл бойы	
5.	**Кеңес беру**	**Педагогтармен жұмыс**		
		✓ Барлық арнайы мамандармен біріге отырып жылдық жоспар жасау ✓ Педагогикалық түзету жұмыстарын топ тәрбиешісімен бірігіп жүзеге асыру ✓ Тәрбиеленушімен жұмыс жасау ерекшеліктеріне байланысты қажет жағдайда тәрбиешілерге, саз жетекшілеріне, дене шынықтыру нұсқаушысына кеңес беру ✓ Оқу іс-әрекетінде ерекше қажеттілігі бар балалар жайында кеңес беру - Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың топ тәрбиешілерімен әңгіме жүргізу. - Ерекше білім беруді қажет ететін баламен жеке - түзете-дамыту ашық ұйымдастырылған оқу	Жыл бойы	

		іс-әрекетін ұйымдастыру; - «Мектеп жасына дейінгі балалардың таным үрдістерін түзете – дамытуда Н. А. Зайцевтің әдістемесін қолданудың тиімділігі» - «Балабақшада ерекше білім беруді қажет ететін балалармен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде қолданатын тиімді әдіс-тәсілдер» - Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ертеңгіліктеріне қатысу		
		Ата –аналармен жұмыс		
		✓ Тәрбиеленушілерді тексеру нәтижелері бойынша жеке кеңестер беру	Қыркүйек – қазан, қаңтар, сәуір-мамыр	
		✓ Жеке кеңестер беру ✓ Жеке ұйымдастырлған оқу іс-әрекеттеріне қатыстыру	Жыл бойы	
		✓ Ата-аналар жиналыстарына қатысу	Жыл бойы	
		✓ Түзете – дамыту жұмыстарының қорытындыларымен таныстыру	Қаңтар	
		✓ Оқу жылын қорытындылау	Мамыр	